Қазақстан Республикасының атынан
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 13 қыркүйек 3115-24-00-2/2080 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова қойылған талап бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады.

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Меркі аудандық көпбейінді орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Ынтымақ» Майкокуль Омарбаевна Кудербаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4,223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Меркі аудандық көпбейінді орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Ынтымақ» Майкокуль Омарбаевна Кудербаеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Ынтымақ» Майкокуль Омарбаевна Кудербаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Ынтымақ» Майкокуль Омарбаевна Кудербаевадан «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Меркі аудандық көпбейінді орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына

14 280 (он төрт мың екі жүз сексен) теңге тұрақсыздық айыппұл және 428,4 (төрт жүз жиырма сегіз) теңге 40 тиын сот шығыны өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Ынтымақ» Майкокуль Омарбаевна Кудербаевадан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Р.К.Ясарова

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 13.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.10.2024, судья Ясарова Р. К., 29.10.2024

3115-24-3-1/2182